

## Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысының Ақтогай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 26 шілдедегі № 33/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 тамызда № 3935 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтогай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 07/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтогай ауданының әкімдігінің 10.02.2025 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақтогай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған аудандық коммуналдық мүлікті (бұдан әрі - Объект) иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша критерийлер анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Қошантаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтогай ауданының әкімі*

*С.М. Әбеуова*

Ақтогай ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 26 шілдедегі  
№ 33/01 қаулысына қосымша

## Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша критерийлер

№	Критерийлер атавы	Иеліктен айыру түрлері
1.	Объектіні одан әрі бақылауда мемлекеттің мүдделігінің болмауы (шарттар қойылмайды). Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату және сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда-саттықты аукцион нысанында өткізу

2.	<p>Объекттіні сату шарттарын (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы бойынша берешекті өтеу және басқа да шарттар) белгілеу қажеттілігі.</p> <p>Объекттіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату қажеттілігі.</p>	<p>сауда-саттықты коммерциялық тендер нысанында өткізу</p>
3.	<p>Сенім білдірілген басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты талаптарын орындау.</p>	<p>тікелей атаулы сатылым</p>
4.	<p>Объекттінің қор биржасының талаптарына сәйкестігі.</p> <p>Шетелдік инвесторларды қоса алғанда, сауда-саттыққа қатысуышылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.</p>	<p>сауда-саттықты қор биржасында өткізу</p>
5.	<p>Жекешелендіру объектілерін сату алдындағы дайындық пен оларды сату жөнінде консультациялық қызметтерді тарту қажеттілігі.</p> <p>Конкурсты жекешелендіру бағасының басымдығын және (немесе) өзге де шарттарын айқындастын қаржы көнеспісінің қатысуымен өткізу қажеттілігі</p>	<p>екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК